

**Ақтөбе облысының коммуналдық меншіктегі алпыс алты су объектілеріне (бөгеттер) су қорғау аймақтары мен белдеулерін, оларды шаруашылықта пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы**

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2018 жылғы 26 наурыздағы № 141 қаулысы. Ақтөбе облысының Эдiлет департаментінде 2018 жылғы 11 сәуірде № 5906 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқарі туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 18 мамырдағы № 19-1/446 "Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 11838 тіркелген бұйрығына сәйкес, жер үсті суларының ластануын, қоқысталуын және сарқылуын болдырмау, су объектілерін және су шаруашылығы құрылыштарын санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық талаптарға сәйкес келетін жағдайда ұстau мақсатында Ақтөбе облысы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ақтөбе облысының коммуналдық меншіктегі алпыс алты су объектілеріне (бөгеттер) су қорғау аймақтары мен белдеулері осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес бекітілген жоба негізінде белгіленсін.

2. Ақтөбе облысының коммуналдық меншіктегі алпыс алты су объектілеріне (бөгеттер) су қорғау аймақтары мен белдеулерін шаруашылықта пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

3. Ақтөбе қаласы мен аудандардың әкімдері:

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалы - жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру департаментімен бірлесіп мемлекеттік жер кадастрына тиісті өзгерістер енгізе отырып, су қорғау белдеулерінің жерлерін су қорының жерлеріне аудару жөнінде шарапалар қолдансын;

жер пайданушыларға су қорғау аймақтарының, белдеулерінің белгіленген шекаралары мен оларды шаруашылықта пайдаланудың режимін және ерекше жағдайларын жеткізсін;

бекітілген жобаға сәйкес су қорғау аймақтары және белдеулерінің шегінде орналасқан және олардың жай-қүйіне зиянды әсер ететін нысандарды шығару немесе жою жөнінде жұмыстар жүргізуге;

олардың тиісті санитарлық күйде күтіп ұсталуын, шаруашылықта пайдалану режимін сақтауды, сондай-ак су қорғау белгілерін сақтығын қамтамасыз етуге ұсыныс жасалсын.

4. "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулыны мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;
- 3) осы қаулыны Ақтөбе облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары М.Е. Абдуллинге жүктелсін.

6. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ақтөбе облысының әкімі*

*Б. Сапарбаев*

*"КЕЛІСІЛДІ"*

*"Ақтөбе облысы Қоғамдық денсаулық  
сақтау департаменті" республикалық  
мемлекеттік мекемесінің басшысы*

*H. Беркімбаева*

*"КЕЛІСІЛДІ"*

*"Су ресурстарын пайдалануды реттеу  
және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий  
бассейндік инспекциясы" республикалық  
мемлекеттік мекемесінің Ақтөбе  
аумақтық бөлімінің басшысы*

*X. Бултеев*

*Ақтөбе облысы әкімдігінің*

*2018 жылғы 26 наурыз*

*№ 141 қаулысына*

*1-қосымша*

### **Ақтөбе облысының коммуналдық мешіктегі алпыс алты су объектілеріне (бөгеттер) су қорғау аймақтары мен белдеулері**

№	Су объектісі (салалары)	Су қорғау аймақтары мен белдеулері			Орташа көп жылдық судың сабалық кемері
		аймағы	белдеуі	ауданы (кв.км)	
<b>Қарғалы ауданы</b>					
1	Әлімбет -1	500	50	0.014	
2	Әлімбет -2	500	50	0.005	
3	Үлкен Әлімбет	500	50	0.15	
4	Новоовведеновка -1	500	50	0.56	
5	Новоовведеновка -2	500	50	0.036	

6	Нововведеновка -3	500	50	0.005	
7	Нововведеновка -4	500	50	0.002	
8	Бам	500	50	0.27	
9	Тұзды көл	500	50	0.008	
10	Ащылысай	500	50	0.14	
11	Преображеновск ая	500	50	0.09	135,1-142,0
12	Приозерное	500	50	0.20	135,1-142,0
13	Үлкен бөгет	500	50	0.04	135,1-142,0
14	Тайкеткен	500	50	0.09	135,1-142,0
15	Кемпірсай -1	500	50	0.004	
16	Кемпірсай -2	500	50	0.002	
17	Кемпірсай -3	500	50	0.04	
18	Кемпірсай	500	50	0.07	
19	Темір жолдың артындағы Кемпірсай	500	50	0.24	
20	Краснополянская -1	500	50	0.06	
21	Краснополянская -2	500	50	0.11	
22	Краснополянская -3	500	50	0.40	
23	Петропавловка-2	500	50	0.03	

Мәртөк ауданы

1	Зеленый Гай	500	50	0.22	
2	Волковская	500	50	0.009	
3	Казанка-1	500	50	0.04	
4	Казанка-2	500	50	0.04	
5	Байтура	500	50	0.015	
6	Жамбыл	500	50	0.002	
7	Каратай-1	500	50	0.80	
8	Каратай-2	500	50	0.17	
9	Новая	500	50	0.13	
10	Взрыв	500	50	0.02	135,1-142,0
11	Покровская	500	50	0.06	
12	Обдан	500	50	0.03	
13	Новомихайловск ая	500	50	0.20	
14	Джусинская	500	50	0.05	
15	Карасы	500	50	0.16	

16	Красная	500	50	0.009	
17	Қарашай	500	50	0.18	
18	Мәртөк	500	50	0.12	

Қобда ауданы

1	Калиновка-2	500	50	0.10	
2	Веселый-2	500	50	0.005	
3	Новомосковская	500	50	0.075	135,1-142,0
4	Амирский	500	50	0.007	
5	Кузьмин	500	50	0.25	
6	Прокурор	500	50	0.07	135,1-142,0
7	Үлкен	500	50	0.60	

Алға ауданы

1	Шолак	500	50	0.23	
2	Нариманов	500	50	0.14	135,1-142,0
3	Көсем	500	50	0.077	
4	Үлкен Ақай	500	50	0.28	

Темір ауданы

1	Талдыбулак	500	50	0.04	
2	Толганай	500	50	0.015	135,1-142,0
3	Шевченко	500	50	0.35	
4	Жекесай	500	50	0.20	

Байғанин ауданы

1	Тұздысай	500	50	0.14	
2	Ногайты	500	50	0.011	135,1-142,0
3	Шатыбай	500	50	0.02	

Әйтеке би ауданы

1	Теренсай	500	50	0.50	
2	Ярослав	500	50	0.14	135,1-142,0

Ойыл ауданы

1	Куб	500	50	0.10	135,1-142,0
---	-----	-----	----	------	-------------

Хромтау ауданы

1	Мағаджан	500	50	2.8	
2	Құдықсай лиманды суару жүйесі	500	50		135,1-142,0

Үргіз ауданы

1	Ақши лиманды суару жүйесі	500	50	91.44	135,1-142,0
---	------------------------------	-----	----	-------	-------------

Ақтөбе қаласы

1	Беляевская	500	50	0.02	135,1-142,0
---	------------	-----	----	------	-------------

Ақтөбе облысы әкімдігінің  
2018 жылғы 26 наурыздағы  
№ 141 қаулысына 2-қосымша

## **Су қорғау аймақтары мен белдеулерін шаруашылық пайдалану режимі**

**Ескерту. 2 қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы әкімдігінің 18.10.2024 № 294 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).**

### **1. Су қорғау белдеулерінің шегінде:**

1) су объектілерінің сапалық және гидрологиялық жай-күйін нашарлататын (ластану, қоқыстану, сарқылу) шаруашылық қызметіне немесе өзге де қызметке;

2) су шаруашылығы және су жинайтын құрылыштар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылыштарын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көліктік инфрақұрылым, кәсіпшілік балық өсіру объектілерін, балық өсіру шаруашылықтары мен олардың коммуникацияларын орналастыруға және қызмет көрсетуге байланысты балық өсіру объектілерін, балық шаруашылығы технологиялық су айдындарын, жаңартылатын энергия көздерін (гидродинамикалық су энергиясын) пайдалану объектілерін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, демалыс және (немесе) сауықтыру мақсатындағы ғимараттар мен құрылыштарды салмай, ғимараттар мен құрылыштарды салуға және пайдалануға.

Осы тармақшаның ережесі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 125-бабының 7-тармағымен және 145-1-бабымен белгіленген талаптарды ескере отырып қолданылады;

### **3) бау-бақша егуге және саяжай салуға жер участеклерін беруге;**

4) су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын болғызбайтын құрылыштармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген қазіргі бар объектілерді пайдалануға;

5) жекелеген участеклерді шалғындандыруға, егін егуге және ағаш отырғызуға арналған жерлерді өндеуді қоспағанда, топырақ және өсімдік қабатын бұзатын жұмыстарды жүргізуға (оның ішінде жер жыртуға, мал жаюға, пайдалы қазбаларды өндіруге);

6) шатыр қалашықтарын, көлік құралдары үшін тұрақты тұрақтарды, малдың жазғы жайылым қостарын орналастыруға;

### **7) пестицидтер мен тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға тыйым салынады**

### **2. Су қорғау аймақтарының шегінде:**

1) су объектілерін және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылыштармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

2) ғимараттарға, құрылыштарға, коммуникацияларға және басқа да объектілерге реконструкция жүргізуғе, сондай-ақ құрылыш, су түбін терендету және жарылыс жұмыстарын жүргізуғе, пайдалы қазбалар өндіруге, кәбіл, құбыр және басқа да коммуникацияларды төсеуге, белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдармен,

бассейндік инспекциялармен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен және басқа да мүдделі органдармен келісілген жобасы жоқ бұрылау, жер қазу және өзге де жұмыстар жүргізуге;

3) тыңайтқыштар, пестицидтер, мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету, оларды жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарын төгетін құрылғыны, аппаратураларды пестицидтермен толтыратын аландарды, авиациялық-химиялық жұмыстар жүргізуге арналған ұшу-қону жолақтарын орналастыруға және салуға, сондай-ақ судың сапасына кері әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

4) мал шаруашылығы фермалары мен кешендерін, сарқынды су жинағыштарды, сарқынды сумен суарылатын егістіктерді, зираттарды, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), сондай-ақ жерусті және жерасты суларының микробен ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді орналастыруға;

5) жүктелім нормасынан асырып мал жаюға, су тоғандарының режимін нашарлататын мал тоғыту мен санитариялық өндеуге және шаруашылық қызметінің басқа да түрлеріне;

6) су көздеріндегі су кемерінен екі мың метрге жетпейтін қашықтықта орналасқан ауыл шаруашылығы дақылдары мен орман екпелерін пестицидтермен авиациялық өндеу және авиация арқылы минералдық тыңайтқыштармен қоректендіру тәсілін қолдануға;

7) концентрациясының жол берілетін шегі белгіленбеген пестицидтерді қолдануға, қардың үстіне тыңайтқыш себуге, сондай-ақ залалсыздандырылмаған көң қосылған сарқынды суды және тұрақты хлорорганикалық пестицидтерді тыңайтқыш ретінде пайдалануға тыйым салынады.

Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өндеу жүргізу қажет болған жағдайда ұыттылығы әлсіз және орташа тұрақсыз пестицидтерді қолдануға жол беріледі.